

«Ақтөбе облысының білім басқармасы «Алға ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «№2 Айгөлек бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорыны меңгерушісі жанындағы кеңес
№1 хаттамасынан көшірме

Алға қаласы

30.09.2025 жыл

Қатысқандар: 23 қызметкер

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. НОБД, Дара бала, Еңбек КЗ, Е-Өтініш, Ұстаз платформасы тб жұмыс базаларын толықтыру жұмыстары.
2. МДҰ жұмысының режимі.
3. Топтардың санитарлық жағдайы.
4. Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау туралы.
5. Педагогтерді аттестациялау жұмыстары.
6. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуы.
7. Балалардың дұрыс тамақтану, тамақтану мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Б.Бердібаева жаңа оқу жылында алға қойған мақсат міндеттермен барлық қызметкерлерге таныстырып өтті.

Балабақша туралы ақпараттар ҰДҚ дұрыс, нақты толықтыру шаралары бойынша тапсырмалар берілді. Жаңадан қабылданған тәрбиеленушілер және олардың аурушаңдығы туралы мәлімет, жұмысқа қабылданған қызметкерлердің мәліметтерін, педагог қызметкерлердің әр оқу жылы бойынша жалпы еңбек өтілдері мен педагогикалық еңбек өтілдері, балабақшаның материалдық базасын жүктеу, мәліметтер дұрыс болу керектігі жауапты маманға жүктеліп, барлық мәліметтерді қыркүйек айының соңына дейін аяқтау қажеттілігі ескертілді. «Дара бала» базасы бойынша жұмысты жауапкершілікпен атқару. Дара бала базасындағы электронды табельді түсіндіру жұмыстарын жақсарту мақсатында балабақшада ата-аналар жиналысын өткізу жоспарлау қажет екендігі айтылды. Дара бала базасындағы топтарды ауыстыру, балабалар санын ретке келтіру, т.б аталған базамен жұмысты меңгеруші Б.Бисенбайқызы өзіне қалдыратынын атап кетті. Еңбек КЗ порталындағы жұмыстарды да өзіне қалдырады. Ондағы еңбек шарттарын тіркеу, ваканттық орындарға сұраныс беру. т.б.

Мектепке дейінгі ұйымның жұмыс режимі барлық қызметкерлерге таныстырылып, жұмыс уақытында әдептілікті сақтау, жұмыс регламентін дұрыс пайдалану, Қазақстан республикасының Еңбек Кодексінде көрсетілген заң талаптарын қатаң түрде сақтау туралы сөз қозғалды. Тәрбиеленушілер

балабақшада болатын уақыты 10,5 сағат болатындықтан, тәрбиелік жауапкерлікті күшейту жұмыстарын тапсырды. Балабақшаның әр қызмына өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерін орындау.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе топтардың санитарлық жай күйі туралы қозғалды. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі №59 бұйрығымен көрсетілген талаптарды орындау қажет. Танертеңгі қабылдаудан балаларды үйлеріне шығарып салғанға дейінгі барлық нормалар яғни, таңертеңгі сүзгі, балаларды жаттығуы, таңғы ас, серуен, түскі тамақтану, ұйықтау, ұйқыдан кейінгі массаждар мен бесін ас. Топтарды кесте бойынша хлорлау, желдету режимін сақтау. Нұсқаулық бойынша кварцтау жұмыстарын жүргізу. Жұмысшыға кесте бойынша кір төсеніштерді тапсыру. Туалет, дәліздерді, топтарды тазалау кезіндегі киімді ауыстыру ережелері туралы айтып өтті. Және балабақша медбикесі А.Мырзагуловаға тапсырмалар берді.

Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау шаралары үнімі жүргізіліп отырады. Күнделікті жағдайларда балалардың өмірі мен денсаулығы үшін олардың ата-аналары жауап береді, бірақ олар балабақшада болған кезде бұл міндет мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі мен тәрбиешілеріне жүктеледі. Балалардың балабақшадағы қауіпсіздігі – балабақшада, оның аумағында, ойын алаңында балаға қауіп төндірмейтін ортаны құру және қолдау. Мектепке дейінгі мекеменің әкімшілігі мен тәрбиешісі топқа келген әр баланың өмірі мен денсаулығын қорғауға жеке жауап береді, жарақаттанудан сақтандыруға ерекше назар аудара отырап балалардың барлық режимдік сәттеріндегі қауіпсіз мінез-құлықтарын бақылауды іске асырады. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін регламенттейтін нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес ұйымдастыру қажет. Ғимараттың орталық кіреберісінде балабақша аумағында және ғимаратында бөгде адамдардың рұқсатсыз кірмеуін қадағалау мақсатында өткізу бекеті орнатылады. Түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері ғимаратты тікелей күзетуді мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекіткен кесте бойынша күзетшілер жүзеге асырады. Келушілерді есепке алу журналына тіркегеннен кейін олардың жеке басын куәландыратын құжаты болған жағдайда ғана балабақша ғимаратына кіруге рұқсат етіледі. Мектепке дейінгі ұйым басшысының, жедел жәрдем мен өрт сөндіру және басқа да апаттық қызметтердің мекенжайлары мен телефон нөмірлері балабақшада көрінетін жерде орналасуы тиіс. Өрт шыққан жағдайда мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің әрекеттері тәрбиеленушілердің, балабақша қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды эвакуациялауға бағытталуы тиіс. Табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде дереу төтенше жағдайлар бөліміне хабарлау қажет. Күдікті заттар табылған жағдайда «112» телефоны бойынша ішкі істер басқармасының кезекші бөліміне қоңырау шалу қажет. Құқық қорғау органдарының өкілдері

келгенге дейін педагог қызметкерлер дереу қауіпті аймақтағы тәрбиеленушілерді эвакуациялауға және осы аймаққа бөгде адамдардың кіріп кетпеуін қамтамасыз етуге міндетті. Мектепке дейінгі ұйымның сыртқы есігінің, аумақтан шығатын және шығатын қосалқы есіктердің баланың қолы жетпейтін биіктікте бекітпесі болуы және олар үнемі жабылуы тиіс. Балабақшаның педагог қызметкерлері өз жұмыс орындарына жұмыс уақыты басталғанға дейін кемінде 10 минут бұрын келуге, топтың үйжайларының, ойын алаңдарының қауіпсіздігі мен жабдықтардың жайкүйін, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіпті және күдікті заттардың бар-жоғын тексеруі тиіс. Қауіпсіздік режимінің бұзылуы анықталған кезде дереу оларды жою бойынша шаралар қабылдауға, әкімшілікті хабардар етуге міндетті. Анықталған бұзылыстар жойылғанға дейін тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруға тыйым салынады. Тәрбиеленушілерді таңертең қабылдағанда ата-аналардан тәрбиеленушінің көңіл-күйі туралы сұрау және оның денсаулық жағдайын қарау жүзеге асырылуы қажет. Тәрбиеленушінің ауырып тұрғаны байқалса балабақшаға жіберу туралы шешім қабылдау үшін медициналық қызметкердің қарауына жіберіледі. Балабақша меңгерушісі Балзия Бисенбайқызы жоғарыда айтылған ережелерді жазбаша түрде таныстыруды шаруашылық меңгерушісі А.Кишкимбаеваға тапсырды.

Педагог қызметкерлерге біліктілік санатын беру туралы №83 бұйық негізінде «педагог – зерттеуші» біліктілік санатына үміткер педагогтер А.Қолдауаова, Г.Избамбетова, Ж.Адилова. Аталған педагогтер құжаттарын толық жүктеу қажеттілігі айтылды. Осы ағымдағы жылдың аяғына дейін педагог сарапшы біліктілік санатына үміткер Н.Қоянбаева. Алдағы тестке дайындық күшейтілсін. Конкурстар, байқаулар, семинарларға қатысып нәтиже шығару керексіздер. Және тәрибенеушілерді облыстық байлауларға жіберу керек.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Б.Бердібаева МДҰ да ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы Заң талаптарының орындалуы туралы сөз алды. Жоспарға сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы құрылды. Топ құрамына комиссия төрағасы өзімде қалдырылып, мүшелеріне тәрбиеші А.Қолдауова, шаруашылық меңгеруші А.Кушкимбаева, хатшы тәрбиеші Ж.Адилова болып бекітілді. ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңындағы «Педагогтің кәсіби қызметін қамтамасыз ету шарттары» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, педагог қызметкерлерге таныстырылды. Тоқсан сайын мемлекеттік қызмет көрсету талаптарының нақты орындалуына ішкі балылау жүргізіліп, хаттамаланып отырады. Балабақша есепшісі заңға аясында міндетті әлеуметтік және зейнеттік төлемдерді дәл уақытында айыру жұмыстары жүрзілетіне бақылау ай сайын үнемі жасалады. Штаттық кестеге сай еңбекақы төлемдерінің талдау есебі жүргізілді. Тәрбиеленушілердің тамақтануы мәселесі шешілді. Мекеменің барлық қызметкерлерімен және де жаңадан қабылданған қызметкерлердің барлығына «Азаматтық қызметшілердің әдеп кодексі» ҚР 2020 жылғы №342 бұйрығымен таныстырылып келеді. Мекемеде сенім телефоны мен сенім жәшігі жұмыс жасап тұр. «Білім саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарының ұйымдастырылуы» ашық көрсетілімдер, тәрбие

сағаттары, жоспарлы іс-шаралар тоқсан сайын өткізіліп отыр. Мемлекеттік са алу кезінде сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейді. Жыл аяғында үнемде қаржыдан балабақша тәрбиеленушілеріне, яғни топтарға ойыншықтар алып б жоспарланып, мемлекеттік сатып алудың бағалық ұсынымы бойынша өткізі хаттамаланып, келісім шарттары жасалынды. Мемлекеттің өркениет цифрландыру ғасырында одан әрі дамуы шешілуіне байланысты қазіргі заман жаһандық проблемаларының ішінде ең өткір мәселелердің бірі сыбайлас жемқорлық болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың өзі қоғамның ақау болып табылады. Қоғамға, қоғамға, өскелең ұрпаққа сыбайлас жемқорлық күк бұзушылықтың теріс салдарын түсіну маңызды. Сыбайлас жемқорлыққа қарс мәдениетті қалыптастыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың маңызд бөлігі болып табылады және білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылы сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қоғамда халықты ағарту, азаматтардың құқықтық санасын ояту, құқықтық сауаттылыққа оқыту, өскелең ұрпақты құқықтық тәрбиелеу және, әрине, сыбайлас жемқорлыққа итермелейтін халықтың әлеуметтік проблемаларын шешу арқылы қалыптасады деп сөзін аяқтады.

Балабақша медбекесі А.Мурзагулова күн тәрбіндегі келесі мәселеде, тәрбиеленушілер арасында дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті. Теңгерімді тамақтану – балалардың денсаулығын нығайтудың, иммунитетін көтерудің және дұрыс физикалық әрі психикалық дамуының негізі екені айтылды. Сонымен қатар, табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынудың артықшылықтары, фаст-фуд пен тәтті газдалған сусындардың зияны туралы түсіндірілді. Тамақтану рационында көкөністер мен жемістердің, сүт өнімдерінің, ет және балық тағамдарының үйлесімді болуы қажеттігі айтылды. Тамақтану режимін сақтау, ас ішер алдындағы гигиеналық талаптар және асхананың санитарлық жағдайы туралы баяндады. Тәрбиеленушілер арасында түсіндіру жұмыстары мен тақырыптық іс-шаралар ұйымдастыру және ата-аналар жиналысында төмендегідей тақырыпта түсіндіру жұмыстарын жүргізуге ұсыныс берді. Тәрбиеленушілер арасында дұрыс және теңгерімді тамақтану мәдениетін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізу. Ай сайын «Дұрыс тамақтану күні» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізу. Алдағы қазан айында өткізілетін жалпы ата-аналар жиналысына барлық тәрбиешілерге тапсырмалар беріліп, Көжектер тобының және басқа топтарға жаңадан келген балалардың ата-аналармен танысу, олардың ұсыныстарымен пікірлерін ескеру, жаңа оқу жылының мақсат міндеттерімен таныстыру үшін ата-аналар жиналысын жоғары деңгейде ұйымдастыру тапсырылды.

ШЕШІМ:

1. НОБД, Дара бала, Еңбек КЗ, тб жұмыс базаларын толықтыру жұмыстары жалғастырылсын;
2. Балабақша жұмысының режимі қанағаттанарлық жағдайда деп есептелсін;
3. Топтардың санитарлық жағдайы ұанағаттанарлық:

4. Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау балабақша қызметкерлерінің басты назарында болсын;
5. Педагогтерді аттестациялау жұмыстары жалғастырылсын;
6. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуы күшейтілсін;
7. Ас мәзірінің теңгерімділігі тұрақты бақылауда ұсталсын;
8. Табиғи, жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттайтын ақпараттық бұрыш ұйымдастырылсын;

Меңгеруші



Berdibaeva

Б.Бердібаева